| Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің | Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәжбүрлеп орындау департаментінің | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің | Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің | Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің | ликасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің | Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің |
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |

кестенің жалғасы

| оның ішінде 1-бағаннан: | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| мемлекеттік органдардың қызметкерлері | | | | | | | |
| Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің | Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің | Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің | Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің | Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің |
| 28 | 29 | 30 | 31 | 32 | 33 | 34 | 35 |

кестенің жалғасы

| оның ішінде 1-бағаннан: | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | мемлекеттік органдардың қызметкерлері | | | | өзге мемлекеттік құрылымдардың қызметшілері | өзге |
| Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің | Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің | әкімдіктердің және олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметшілері | | |
| 36 | 37 | 38 | 39 | 40 | 41 | 42 |

**"Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған, сотталған адамдар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъектілері туралы" № 3-К есебі**

**6-бөлім. Әкімшілік жауаптылыққа тартылған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар субъектілері туралы мәліметтер**

**А-кестесі. ___ 20___ж.-______20___ж. аралығында аймақтар бөлінісінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған адамдар туралы мәліметтер**

| Аймақтар | жол коды | Барлығы | | 1-бағаннан жасады: | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | сотрудниктармен | | | | | | | | | | |
| | | | Ішкі істер органдарының (3 бағанның көрсеткіштерін есепке алусыз) | Қазақстан Республикасы ІІМ Ұлттық ұланы | Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің | Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің | Прокуратура органдарының | 6-бағаннан | Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің | Экономикалық тергеу қызметінің | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің | 10-бағаннан | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің |
| | | | | | | | | Әскери прокуратураның | | | | Әскери полицияның | |
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың тізбесі | 1 | | | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| 1-бағаннан жасады: | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Судьялар | Әкімдер | депутаттар | мемлекеттік органның қызметкерлерімен | | | | | | | | |
| | | | Қазақстан Республикасы | Қазақстан Республикасы | Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері | Қазақстан Республикасы Сыртқы істер | Қазақстан Республикасы Ауыл шаруаш | Қазақстан Республикасы Денсаулық | Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім | Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту | Қазақстан Республикасы Ұлттық эконом |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Әділет министрлігінің | Қаржы министрлігінің | агенттігі нің | министрлігінің | ылық министрлігінің | сақтау министрлігінің | министрлігі | министрлігінің | ика министрлігінің |
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| | | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | оның ішінде 1-бағаннан: | | | | | | | | | | |
| | | мемлекеттік органның қызметкерлерімен | | | | | | | | | | |
| Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің | Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің | Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің | Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің | Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің | Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің | Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің | Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің | Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің | Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің | Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі (9 бағанның көрсеткіштерін есепке алусыз) | Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар Агенттігі |
| 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 | 32 | 33 | 34 | 35 | 36 | 37 |
| | | | | | | | | | | | | |

кестенің жалғасы

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| оның ішінде 1-бағаннан: | | | | | | |
| мемлекеттік органның қызметкерлерімен | | | | | | |
| Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агентігінің | Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту Агенттігі | Әкімдік және оған бағынысты органдардың қызметкерлері | Сот органдарың қызметкерлері | Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасы | Басқа да мемлекеттік қызметшілер туралы | басқалар |
| 38 | 39 | 40 | 41 | 42 | 43 | 44 |
| | | | | | | |

## "Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған, сотталған адамдар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъектілері туралы" № 3-К есебі

## 6-бөлім. Әкімшілік жауаптылыққа тартылған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар субъектілері туралы мәліметтер

### Б-кестесі. "__" _______ 20 __ жылдан "__" _________ 20 __ жылға дейінгі кезеңде әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы іс қозғаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар субъектілері туралы мәліметтер

| Атауы | жол коды | Барлығы | Қазақстан Республикасы Қарулы күштердің Әскери полициясы | Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери полициясы | Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Әскери полициясы | Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) | Прокуратура органдары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 34-тарауына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтардың барлығы | 1 | | | | | | |

### "Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған, сотталған адамдар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъектілері туралы" № 3-К есебі

### 6-бөлім. Әкімшілік жауаптылыққа тартылған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар субъектілері туралы мәліметтер

### В-кестесі. "__" _______ 20 __ жылдан "__" _________ 20 __ жылға дейінгі аймақтар бөлінісінде әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы іс қозғаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар субъектілері туралы мәліметтер

| | | | | | | Қазақстан Республика | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| Аталуы | | Барлығы | Қазақстан Республикасы Қарулы күштердің әскери полициясы | Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің әскери полициясы | Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ұлттық гвардиясының әскери полициясы | с ы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) | Прокуратура органдары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| А | Б | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың тізбесі | 1 | | | | | | |

Қазақстан Республикасы<br>Бас Прокуроры<br>2024 жылғы 5 тамыздағы<br>№ 99 бұйрығына<br>2-қосымша

## "Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған, сотталған адамдар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың субъектілері туралы" № 3-К есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық уәкілетті мемлекеттік органдардың сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу және оларды жасаған кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту жөніндегі жұмысы туралы есепті қалыптастыруды нақтылайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстардан келтірілген залал және оны өтеу жөніндегі жұмыстың жай-күйі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдардың ведомстволық тиесілігі туралы статистикалық ақпаратты қамтиды, сот өздеріне қатысты қылмыстық істерді қараған адамдар, сыбайлас жемқорлық әрекеттері үшін жауапкершілік шараларының түрлері туралы (бұдан әрі – есеп).

2. Құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдары және әскери полиция органдары, Қазақстан Республикасының Сот әкімшілігі және жергілікті соттардың кеңселері, сондай-ақ өз өкілеттіліктері шегінде "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) талаптарын орындауды қамтамасыз ететін барлық өзге мемлекеттік органдар мен ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару

органдары мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлғалар субъектілері болып табылады.

3. Есепті қалыптастырудың негізі:

1) "Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 тіркелген) Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін (бұдан әрі – СДТБТ) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (1, 2, 3, 4, 5-бөлім);

2) "Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20962 болып тіркелген) (6-бөлім), "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау туралы" 1-ӘЖ нысанды және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің жылжу, қаралу барысы туралы және әкімшілік жазаның орындалу тәртібі туралы" 1-ӘҚ нысанды ақпараттық есепке алу құжаттарының мәліметтері болып табылады.

4. Есепті Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің орталық аппараты (бұдан әрі - Комитет) автоматтандырылған режимде өсіп келе жатқан қорытындымен ай сайын қалыптастырады.

Нысандар есепті кезеңнің соңғы күні сағат 00:00-ге дейін (Астана қаласының уақыты бойынша) Комитеттің ақпараттық жүйелеріне түпкілікті жүктелгеннен кейін белгілі бір уақыт кезеңі (статистикалық кесім) үшін қалыптастырылған есептің есебі жүргізіледі.

Белгілі бір уақыт кезеңінде қалыптастырылған, бекітілген есеп (статистикалық кесім) түзетуге жатпайды.

5. Комитеттің аумақтық және оларға теңестірілген органдарының (бұдан әрі – аумақтық орган) бастықтары жергілікті жерлерде Комитеттің ақпараттық жүйелеріне келіп түсетін мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етеді.

## 3-тарау. Есептің құрылымы және қалыптастыру

6. Есеп 6-бөлімнен тұрады:

1) есептің 1-бөлімі сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы негізгі мәліметтерді қылмыстық істері қылмыстық қудалау органдарының өндірісінде болған, тіркелген, тергеп-тексерумен аяқталған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі есептік кезеңде үзілген, сондай-ақ келтірілген зиянды өтеу бойынша мәліметтерді көрсетеді.

2) есептің 2-бөлімі сыбайлас жемқорлық қылмыстық істер туралы эпизодтарды есепке алмай негізгі мәліметтерді, қылмыстық қудалау органдарының өндірісінде болған, тіркелген, тергеп-тексерумен аяқталған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі есептік кезеңде үзілген, сондай-ақ келтірілген зиянды өтеу бойынша мәліметтерді көрсетеді.

3) есептің 3-бөлімі Заңның 1-бабының 6) тармақшасында айқындалған адамдарға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруі басталған сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы мәліметтерді көрсетеді.

4) есептің 4-бөлімі Заңның 1-бабының 6) тармақшасында айқындалған сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған адамдар туралы мәліметтер бейнеленеді.

5) есептің 5-бөлімі сотталған, ақталған, қылмыстық істерін сот тоқтатқан, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдар туралы мәліметтерді қамтиды, сондай-ақ тағайындалған жазалау шаралары көрсетіледі.

6) есептің 6-бөлімі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 34-тарауына (бұдан әрі – ҚР ӘҚБтК) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа жатқызылған әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған, сондай-ақ әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы өңірлер бойынша бөлінген мәліметтерден тұрады.

7. 1-бөлімнің 1-жолында жасалған сыбайлас жемқорлық қылмыстардың жалпы саны көрсетіледі, олардың ішінде 2-5-жолдарда сыбайлас жемқорлық қылмыстар қылмыс ауырлығы бойынша бөлініп көрсетіледі. 6-жолда – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (бұдан әрі – ҚР ҚК) баптарына қайта сараланған, сыбайлас жемқорлық тізбесіне кірмейтін қылмыстар бейнеленеді.

8. 1-бағанда қылмыстық істері есептік кезеңде қылмыстық қудалау органдарының өндірісінде болған қылмыстардың саны көрсетіледі.

Бұл санға бұрынғы жылдардағы қылмыстар кіреді, оның ішінде:

процестік шешім қабылданбаған;

есептік кезеңде алғаш рет процестік шешім қабылданған;

есептік кезеңде сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған;

тергеулігі бойынша есептік кезеңде есептен алынумен жолданғандар.

9. 2-бағанда есептік кезеңде СДТБТ-де тіркелген қылмыстар саны көрсетіледі, қылмыстық істері есептен алынумен тоқтатылған әрекеттерден басқа.

Қылмысты бір қылмыстық қудалау органы тіркеген және тергеулігі бойынша кейін басқа органға берген (мысалы, ішкі істер органдарына) жағдайда осы бағанда қылмыс тек қылмысты тіркеген органның есебінде көрсетіледі. Бұл жағдайда 2-баған көрсеткіштерінің 1-баған көрсеткіштерінен артық болуына жол беріледі.

10. Қылмыстық істері есептік кезеңде алғаш рет тергеп-тексерумен аяқталған сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы мәліметтер соңғы процестік шешімдерге байланысты оларды 4 және 5-бағандарға бөліп, 3-бағанда бейнеленеді.

Істері Қазақстан Республикасы Қылмыстық процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚПК) 35-бабы 1-бөлімінің 1), 2), 5), 6), 7), 8)-тармақтары бойынша тоқтатылған сыбайлас жемқорлық қылмыстар 6-бағанда көрсетіледі.

11. 7-бағанда сотқа дейінгі тергеп-тексерулер мерзімі алғаш рет үзілген сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы мәліметтер оларды шешім қабылдау негіздері бойынша 8-13-бағандарға бейнелеп көрсетіледі.

12. 14-бағанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі есептік кезеңде ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлімінің 4) тармағы негізінде үзілген сыбайлас жемқорлық қылмыстардың саны, 15-бағанда - сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі алдыңғы жылдары ҚР ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлімінің 4) тармағы негізінде үзілген бұрынғы жылдардың қылмыстары көрсетіледі.

13. 16-баған қылмыстық істері есептік кезеңде алғаш рет сотқа жолданған немесе ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтары және 36-бабы бойынша тоқтатылған қылмыстардан келген материалдық залалдың белгіленген көлемі (мың теңгемен) көрсетіледі.

14. 17-бағанда 3-бағанда көрсетілген сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы істер бойынша тыйым салынған мүліктің сомасы (мың теңгемен) көрсетіледі. Қылмыстық істер бойынша мүлік алынған немесе ерікті түрде өтелген сома (мың теңгемен) 18-бағанда көрсетіледі.

15. Сыбайлас жемқорлық қылмыстық істері бойынша ҚР ҚПК-да белгіленген тергеу мерзімі өткен, ал оны ұзарту туралы ақпарат құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына түспеген қылмыстар туралы мәліметтер 19-бағанда ескеріледі.

16. Есептік кезеңде тіркелгендер қатарынан (2-баған) 20-бағанда қылмыстық істері есептен алынумен берілген сыбайлас жемқорлық қылмыстар саны көрсетіледі.

Сонымен бірге егер қылмыстық іс есептен алынумен тергеулігі бойынша облыс ішінде берілетін болса, онда облыстың жиынтық есебінде қосалқы есепке алуды болдырмау үшін, осы іс 20-бағанда бейнеленбейді. Облыстық жиынтық есепте осы баған тек іс есептен алынумен тергеулігі бойынша облыс шегінен тыс берілген жағдайда толтырылады.

17. 2-бөлімнің көрсеткіштері 1-бөлімге ұқсастық бойынша қылмыстық істерде эпизодтарды есепке алмай қалыптастырылады.

18. Есептің 3-бөлімі Заңның 1-бабының 6) тармақшасында айқындалған адамдарға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеруі басталған сыбайлас жемқорлық қылмыстар туралы мәліметтерді көрсетеді.

19. 1-жолда сыбайлас жемқорлық қылмыстардың жалпы саны көрсетіледі, олардың ішінен 2-5-жолдарда сыбайлас жемқорлық қылмыстар қылмыс ауырлығы бойынша

бөлініп көрсетіледі. 6-жолда ҚР ҚК-нің баптарына қайта сараланған, сыбайлас жемқорлық тізбесіне кірмейтін қылмыстар бейнеленеді.

20. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған тұлғаларға қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыстар саны туралы мәліметтер есепті кезеңде бір рет есепке алынады, яғни алдыңғы есепті кезеңде тұлғаға қатысты іс жүргізу шешімі шығарылса, кейінгі есепті кезеңде ол тұлға есепке алынбайды.

21. Есептің 4-бөлімнің 1-бағанында оларға қатысты есептік кезеңде сыбайлас жемқорлық қылмыс жасады деп күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған адамдар саны ескеріледі.

22. Есептің 4-бөлімнің 2-бағанында осы есептік кезеңде қылмыстық істері алғаш рет сотқа жолданған немесе ҚР ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлімінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтары және 36-бабымен көзделген негіздер бойынша тоқтатылған, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдар саны көрсетіледі. Олардың ішінде 3-бағанда қылмыстық істері сотқа жіберілген адамдар бөлінеді. 3-бағандағы деректері Заңның 1-бабының 6) тармақшасында айқындалған адамдар бойынша 4-47-бағандарда бөлінеді.

23. Есептің 5-бөлімі А кестесінің 1-бағанында осы есептік кезеңде заңды күшіне енген үкімдер бойынша сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдар саны көрсетіледі. 2-42-бағандарда Заңның 1-бабының 6) тармақшасында айқындалған адамдар туралы мәліметтер бейнеленеді.

24. Есептің 5-бөлімі А кестесінің 1-бағанында сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін сотталған адамдардың жалпы саны көрсетіледі. 2-5-бағандар есеп нысанының көрсеткіштеріне сәйкес толтырылады.

25. Есептің 5-бөлімінің Б кестесінде соттардың сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға қатысты қылмыстық істерді қарау нәтижелері туралы мәліметтер бейнеленеді (заңды күшіне енген сот актілері бойынша).

26. Есептің 5-бөлімі В кестесінің 1-бағанында мемлекеттік органның, ұйымның өз бастамасы бойынша қызметкерлерінің арасында анықтаған сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін осы есептік кезеңде заңды күшіне енген үкімдер бойынша сотталған адамдар саны көрсетіледі.

27. 2-42-бағандарда 1-бағаннан мемлекеттік органның, ұйымның өз бастамасы бойынша қызметкерлерінің арасында анықтаған сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін сотталған жеке мемлекеттік орган, ұйымдар қызметкерлерінің саны ерекшеленеді.

28. Есептің 6-бөлімінің кестелерінде есептік кезеңде жауаптылыққа тартылған, Комитетте есепте тұрған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы мәліметтер бейнеленеді.

Есептің 6-бөлімінің А, Б, В-кестелерінің бағандарында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

29. Есептің 6-бөлімінің А-кестесі әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы өңірлер бойынша бөлінген мәліметтерден тұрады.

30. Есептің 6-бөлімінің Б-кестесі әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы ҚР ӘҚБтК-нің 34-тарауының баптары бойынша бөлінген мәліметтерден тұрады.

31. Есептің 6-бөлімінің В-кестесі әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы өңірлер бойынша бөлінген мәліметтерден тұрады.

Қазақстан Республикасы
Бас Прокуроры
2024 жылғы 5 тамыздағы
№ 99 бұйрығына
3-қосымша

**Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының күші жойылды деп танылған кейбір бұйрықтарының және кейбір бұйрықтарының құрылымдық элементтерінің тізбесі**

Мыналардың:

1) "Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған, сотталған адамдар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы" № 3-К нысанды есепті және оны қалыптастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 14 шілдедегі № 125 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14126 болып тіркелген);

2) "Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған, сотталған адамдар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы" № 3-К нысанды есепті және оны қалыптастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 14 шілдедегі № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 43 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15148 болып тіркелген);

3) "Сыбайлас жемқорлық қылмыстар, оларды жасаған, сотталған адамдар, сыбайлас жемқорлық қылмыстар жөніндегі қылмыстық істердің қозғалысы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық субъектілері туралы" № 3-К нысанды есепті және оны қалыптастыру жөніндегі Нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2016 жылғы 14 шілдедегі № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2018 жылғы 10 қыркүйектегі № 112 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17500 болып тіркелген);

4) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 15 маусымдағы № 76 бұйрығымен 1-тармағының 2) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20889 болып тіркелген);

5) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушысының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 82 бұйрығымен бекітілген Тізбенің 17-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20920 болып тіркелген);

6) "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 17 бұйрығымен бекітілген Тізбенің 9-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22206 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК